

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУҒА АРНАЛҒАН КӨПШІЛІККЕ АШЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТ

«Тәртіп» акционерлік қоғамы (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 26.01.2006 жылғы № 75245-1910-АО куәлік), бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» деп аталатын, Алматы қаласы Әкімшілігінің 2013 жылғы 13 қазанында жасасқан № 01 өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Жарғы мен Келісім-шарт негізінде әрекет ететін Басқарманың төрағасы Абдраим Б.Р. бір жағынан және тұрғын үйдің (тұрақты түрде тұруға арналған және қолданылатын жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме) меншік иесі - Жалдаушы, бұдан әрі «Тұтынушы» деп атала отырып, екінші жағынан, бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» және «Тұтынушы», жеке-жеке алғанда «Тарап», ал бірігіп «Тараптар» деп аталып, төмендегі Келісім-шартты (ары қарай – Келісім-шарт) жасасты:

1. Келісім-шартта қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) «Қатты тұрмыстық қалдықтар», «ҚТҚ» - қатты түрдегі коммуналды қалдықтар;
- 2) «Коммуналды қалдықтар» - елді-мекендерде, оның ішінде адамның өмір сүру нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сонымен қатар құрамы мен сипаты бойынша бір-біріне жақын өндірістік қалдықтар;
- 3) «Сұйық қалдықтар» - сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;
- 4) «Ірі габаритті қоқыс», - өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан және өзінің өлшемдері бойынша арнайы қоқыс жинау машиналарымен тасымалдауға келмейтін тұтыну және шаруашылық қызмет (тұрмыстық техника, жиһаз және т.б.) нәтижесінде түзілетін қалдықтар;
- 5) «Қоқыс шығарушы ұйым» - Коммуналды қалдықтарды арнайы көліктермен шығаратын ұйым;
- 6) «Құрылыс қоқыстары» - ғимараттарды немесе құрылыстарды немесе жеке құрылымдық элементтерді шашу (демонтаж) нәтижесінде пайда болған қоқыс, сонымен қатар құрылым-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау кезінде пайда болған қоқыстар;
- 7) «Тариф» – қалдықтарды қайта өңдеу, орналастыру, сақтау пункттеріне ҚТҚ-ның 1 шаршы метрін (м³) шығару құны.
- 8) «ҚТҚ шығару» қызметін төлеу көлемі» – ағымдағы тарифке сәйкес белгіленген және Алматы қаласы бойынша ҚТҚ жинау мөлшерлемелерінің өкілетті органдарымен бекітілген қызмет көрсетудің құны.

2. Келісім-шарттың мәні

- 1.1 Келісім-шарттың мәні – Қызмет көрсетуші ҚТҚ-ды (бұдан әрі «Қызмет көрсетулер») жинау орындарынан қоқыстарды шығару бойынша қызмет көрсетеді, ал Тұтынушы Келісім-шартқа сәйкес көрсетілген қызметтерді төлейді.
- 1.2 Қызмет көрсетуші Қоқыс шығарушы ұйым бола отырып, Алматы қаласының аумағынан коммуналды қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсетулермен жабдықтаушыны анықтау бойынша байқаудың (тендер) нәтижелерінің негізінде өкілетті органдарға бекітілген телімдердің аймағында Тұтынушыға қызмет көрсетеді.
- 1.3 Қызмет көрсетушінің қызмет көрсету міндетіне жататын аумақ көлемінің нақты шекарасы №1 Қосымшада көрсетіледі және де ол осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

- 2.1 Тұтынушы құқылы:
 - 2.1.1 Бекітілген кестеге сәйкес ҚТҚ-ды уақытылы шығаруға;
 - 2.1.2 Тарифтерді қолдану және қызмет көрсетулерді төлеу көлемі туралы ақпараттыалуға;
 - 2.1.3 Келісім-шартта келісілген (Келісім-шарттың 3.2.6 тармағы) мерзімнің ішінде Қызмет көрсетушімен анықталған кемшіліктерді жоюға;
 - 2.1.4 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығында анықталған тәртіпке және шамаға сәйкес Қызмет көрсетушінің кінәсінің нәтижесінде орын алған кемшіліктердің салдарынан денсаулыққа немесе мүлікке келтірілген шығындарды толық өтеуге;
 - 2.1.5 Құқықтары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығына сәйкес сот қорғауына;
- 2.2 Тұтынушы міндетті:
 - 2.2.1 Келісім-шартта анықталған мерзімнің ішінде уақытылы және толық көлемде ҚТҚ шығару бойынша қызмет көрсетулер үшін төлемақы төлеуге;
 - 2.2.2 Қоқыс жинаушы көлікке (ыдыссыз жою жүйесі кезінде) тиесудің арнайы орындарында уақытша сақтау (контейнерлік жою жүйесі кезінде) немесе өзінің ыдыстарында сақтау үшін қалдықтарды жинақтап тастауға;
 - 2.2.3 Сұйық қалдықтардың ағып кетуін болдырмау, құрылыс қалдықтарының, топырақтың, ірі габаритті қоқыстардың, металл сынықтарының, ағаш кесінділерінің, жапырақтардың қоқыс жинағыштарға тасталуын болдырмау;
 - 2.2.4 Келісім-шарттың 2.2.5 тармағына сәйкес кейін шығару үшін құрылыс қалдықтарын, топырақты, ірі габаритті қоқыстарды, металл сынықтарын, ағаш кесінділерін, жапырақтарды, пештің күлін

- контейнерлердің қасына (тұрмысқа жайлы тұрғын үйлердің ауласында) немесе үй алдындағы алаңда (жеке тұрғын үй секторы үшін) жеке жинауға;
- 2.2.5 Құрылыс қалдықтарын, топырақты, ірі габаритті қоқыстарды, металл сынықтарын, ағаш кесінділерін, жапырақтарды шығару үшін Қоқыс шығарушы ұйымға қосымша төлемақы төлеуге;
- 2.2.6 Арнайы орындардан басқа жерлерде ҚТҚ-ын жинауға (контейнер алаңдарынан басқа орындарда) жол бермеуге, сонымен қатар оларды жерге көмуге, контейнерлерде, көшелер мен алаңдарда өртеуге рұқсат етпеуге;
- 2.2.7 Тұрмыстық қалдықтарды ыдыссыз шығарған кезде, ҚТҚ-ын кестеге сәйкес тек арнайы техника келетін күні ғана шығаруға;
- 2.2.8 Бұзушылықтарды болдырмау үшін қоқыс жинағыштарын және контейнер алаңдарының қоршауларын күтуге;
- 2.2.9 Жалға алып отырған бөлмеден кеткенге дейін жылжымайтын мүлікке қатысты азаматтық-құқықтық келісім-шарттарды жасасу кезінде Қызмет көрсетушімен толық есептесуге;
- 2.2.10 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында және осы Келісім-шартта қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

4. Қызмет көрсетушінің құқықтары мен міндеттемелері

- 3.1 Қызмет көрсетуші құқылы:
- 3.1.1 Тұтынушыдан уақытылы және толық көлемде көрсетілген қызметтер үшін төлемақыны алуға және төлем шарттарын бұзған жағдайда, тиісті іс-шараларды қолдануға;
- 3.1.2 Келісім-шарт бойынша Тұтынушы төлем шарттарын бұзған жағдайда, өзінің мүліктік мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының сот органдарына Тұтынушыдан қарызды өндіріп алу және есептелген айыппұлды өндіріп алуға құқылы;
- 3.2 Қызмет көрсетуші міндетті:
- 3.2.1 Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен келісілген кесте бойынша бекітілген телімдерден ҚТҚ шығаруды жоспарға сәйкес іске асыруға;
- 3.2.2 Контейнерлерден қалдықтарды қоқыс тиеу көлігіне тиеген кезде шашылған қоқысты жинауға;
- 3.2.3 Қозғалыс сұлбасына және өзгерген пайдаланушылық шарттарға сәйкес маршруткестелерін құрастыруға және түзетуге;
- 3.2.4 Контейнерлерді сақтау үшін ҚТҚ шығару кезінде жабдыққа мұқият қарауға;
- 3.2.5 Ағымдағы айдың 15-ші күніне дейін ҚТҚ шығару үшін төлемдерді енгізу мақсатында Тұтынушыға төлем құжаттарын ұсынуға;
- 3.2.6 Көрсетілетін қызметтердің көлеміне және сапасына шағым болған жағдайда 24 сағат ішінде Тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға;
- 3.2.7 ҚТҚ шығару үшін төлем көлемінің және тарифтердің өзгеруі, ҚТҚ шығару шарттарының өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы 10 (он) күннен кешіктірмей Тұтынушыға хабарлауға;
- 3.2.8 Тұтынушының дербес деректерін қорғау шаралары Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 21 мамырындағы №94-Ү «Дербес деректерді қорғау туралы Заңының» талаптарына сәйкес орындалуға;
- 3.2.9 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында және осы Келісім-шартта қарастырылғандай басқа да міндеттерді орындауға;

5. Есептесудің реті мен шарттары

- 4.1 Тұтынушы бір ай ішіндегі бір адам үшін ҚТҚ шығаруды төлеу көлеміне сәйкес тұрғын жайда (үй, пәтер) нақты тұратын адамдарды есептей отырып, көрсетілген қызметтерді төлейді.
- 4.2 ҚТҚ шығару үшін тарифтер Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілерінде қарастырылған тәртіпке және мерзімге, сонымен қатар Қызмет көрсетушінің тарифтеріне сәйкес қолданысқа енгізіледі және өзгереді.
- 4.3 ҚТҚ шығару үшін төлем Қазақстан Республикасының Үкіметінің Қаулысымен бекіткен коммуналды қызметтерді көрсету ережелеріне сәйкес іске асырылады.
- 4.4 Тұтынушы және/немесе онымен тұратын тұлғалар уақытша жоқ болған жағдайда, олар сәйкес құжаттар мен өтінішті өткізсе, қоқыстарды шығару үшін төлем алынбайды. Төлемді қайта есептеуге байланысты болған барлық өзгерістер Тұтынушының өтінішінің негізінде іске асырылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 5.1 Қызмет көрсетуші және Тұтынушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылығына сәйкес келісім-шарттық міндеттемелерді тиесілі түрде орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін жауап береді.
- 5.2 Қызмет көрсетулерді уақытылы төлемеген жағдайда, Тұтынушы өсімпұл төлеуі керек. ҚТҚ шығару бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген соманы төлемеген жағдайда, өсімпұл әр айдың 26 күнінен бастап, есептелген соманың 0,1% көлемінде әр өткізіп алған күн үшін есептеледі.
- 5.3. Өсімпұлды есептеу кезінде есептік айда іске асырылған барлық төлемдер мен үзетулер есепке алынады.

5.4. Айыппұлдарды төлеу Тараптарды келісім-шарт бойынша қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7. Пікірталастарды қарастыру реті

6.1 Келісім-шарт бойынша қандай да бір пікірталастар пайда болған жағдайда, Тараптар оларды сотқа беруге дейін реттеу үшін барлық қажетті іс-шараларды қолдануға міндеттенеді.

6.2 Егер де пайда болған пікірталастар бойынша Тараптар келісімге келмесе, олар Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес сотта қарастырылуы керек.

6.3 Келісім-шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Алматы қаласының аумағын абаттандыру бойынша ағымдағы Ережелерге және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқықтық актілеріне сәйкес реттеледі.

8. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі

7.1 Келісім-шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған кезден бастап күшіне енеді.

7.2 Келісім-шарт белгісіз мерзімге жасалды деп саналады.

9. Төтенше оқиға жағдайлары

8.1 Тараптар күні бұрын біле алмайтын және де оларды жүйелі түрде жоя алмайтын түрлі табиғи күштер осы Келісім-шарт жасалғаннан кейін туындаған жағдайда (сұрапыл жағдайлар, апаттар, ерекше жағдай тәртібін енгізу және т.б., бұдан былай - "Төтенше жағдай"), тараптар осы Келісім-шартты тиісті түрде орындамағаны үшін немесе мүлде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2 Төтенше жағдайға тап болған Тарап төтенше оқиғаға тап болғандығы және де Келісім-шарт талаптарының төнген төтенше жағдай тоқтатылғаннан кейін жалғасатындығы жайлы екінші Тарапқа хабар бергенде ғана Тараптар Келісім- шарт талаптарын орындамағандығы үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.

8.3 Төтенше оқиға жағдайлары Қазақстан Республикасы Сауда-өндірістік палатасының шешімімен расталуы керек.

10. Ерекше шарттар

9.1 Өмірлік іс-әрекетінің нәтижесінде әрдайым пайда болатын қалдықтарға байланысты қоқыс тастауға арналмаған жерлерде қоқыстарды заңсыз тастауды болдырмау үшін және олардың қоршаған табиғи ортаға кері әсерін болдырмау мақсатында Тұтынушы қоқыстарды шығару келісім-шартын Қоқыс шығарушы ұйыммен жасасудан бас тарта және оны біржақты тәртіпке сәйкес тоқтата алмайды.

9.2 Келісім-шарттың күшіне енуі Тараптарды келісім-шартты жасасқанға дейін пайда болған өзара міндеттемелерінен босатпайды.

9.3 Осы Келісім-шарт көпшілікке жариялы болып саналады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387 бабы).

№ учаске	Қызмет көрсетілетін аумақтар учаскесінің шекаралары
Алатау ауданы	
9	14-аумақ Күдерин көшесінен Райымбек даңғылымен "Үлкен Алматы" өзенінің арнасына дейін (солтүстік жағы) - "Үлкен Алматы" өзенінің арнасымен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін (шығыс жағы) - Рысқұлов даңғылынан Күдерин көшесіне дейін (оңтүстік жағы) - Күдерин көшесімен Рысқұлов даңғылына дейін (батыс жағы).
10	13-аумақ Рысқұлов даңғылынан "Үлкен Алматы" өзенінің арнасымен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Райымбек даңғылына дейін, Райымбек даңғылымен батыс бағытта (солтүстік жағы) Райымбек даңғылы мен Сайын көшесіндегі бағытқа дейін - бағыттан Рысқұлов даңғылымен солтүстік-шығыс бағытта (оңтүстік-шығыс жағы) "Үлкен Алматы" өзенінің арнасына дейін.
11	ААМЖЗ көшесінен - Алғабас Ақбұлақ ықшамауданының батыс шекарасынан Райымбек даңғылымен (солтүстік жағы) Алатау ауданының батыс шекарасына дейін, Райымбек даңғылынан Алатау ауданының батыс шекарасымен солтүстікке (шығыс жағы) Көк-Қайнар ықшамауданың тас жолының бұрылысымен Боралдай зиратының бұрылысына (оңтүстік жағы) дейін, ары қарай Боралдай зиратының бұрылысынан оңтүстік бағытта Ақбұлақ ықшамауданының (батыс жағы) Райымбек даңғылына дейін.
12	"Ақбұлақ" ықшамауданы Райымбек даңғылынан батыс бағытта ААМЖЗ көшесінің шекарасына дейін (солтүстік жағы), Райымбек даңғылынан солтүстік бағытта Алғабас ықшамауданының шығыс шекарасымен Боралдай зиратының бұрылысына дейін, солтүстік бағытта (шығыс жағы), ары қарай Боралдай зиратының бұрылысынан тас жолымен шығыс бағытта Көк-Қайнар ықшамауданынан сайға дейін (оңтүстік жағы), ары қарай саймен Әйгерім-2 ықшамауданынан оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін (батыс жағы) және Рысқұлов даңғылымен Райымбек даңғылына дейін (Сайын көшесі - Райымбек даңғылындағы бағыт, батыс жағы).
Алмалы ауданы	
17	Фурманов көшесі - Гоголь көшесі - "Есентай" өзені - Райымбек даңғылы.
18	Фурманов көшесі - Қабанбай батыр көшесі - Байтұрсынов көшесі - Гоголь көшесі.
19	Фурманов көшесі - Абай даңғылы - Байтұрсынов көшесі - Қабанбай батыр көшесі.
20	Байтұрсынов көшесі - Абай даңғылы - Әуезов көшесі - Қарасай батыр көшесі.
21	Байтұрсынов көшесі - Қарасай батыр көшесі - Әуезов көшесі - Гоголь көшесі.
22	Әуезов көшесі - Абай даңғылы - Розыбакиев көшесі - Төле би көшесі
23	Төле би көшесі - "Үлкен Алматы" өзені - Райымбек даңғылы, "Есентай" өзені - Гоголь көшесі - Әуезов көшесі.
24	Абай даңғылы - "Сайран" өзенінің шығыс жағы - Төле би көшесі - Розыбакиев көшесі.
Әуезов ауданы	
25	Абай даңғылы - "Үлкен Алматы" өзенінің батыс жағы Райымбек даңғылына дейін - "Алтын Бесік" ықшамауданы - Яссауи көшесі - Төле би көшесі "Достық" ықшамауданына дейін, Ақсай 36 ықшамауданын қоса алғанда, Тұлпар - Ташкент көшесі - Сәдуақасов көш. - Абай даңғылы.
26	"Қарғалы" өзені - Шаляпин көшесі - Сәдуақасов көшесі - Абай даңғылы - "Үлкен Алматы" өзенінен Рысқұлбеков көшесіне дейін (солтүстік) - Сайын көшесі (батыс) - Асқаров көш. - Қарасай ауданы шекарасына дейін - Жандосов көшесі - Яссауи көшесі - Шаляпин көшесі (жеке тұрғын үйлерді қоспағанда).
27	Райымбек даңғылынан - Яссауи көшесіне - "Қарғалы" өзенінің батыс жағы - "Баянауыл" ықшамауданы - Алтын Бесік, Алты Алаш, Қалқаман 1,2,3 Қарасай ауданының шекарасына дейін.
28	Достық ықшамауданы - Шаляпин көшесі - Сәдуақасов көшесі - Ташкент көшесі (Достық ықшамауданында) - "Қарғалы" өзенінің шығыс жағы
29	Қалқаман-3 ықшамауданы (бұрынғы Каменка-3 ықшамауданы) Яссауи көшесінің шаршысында (батыс жағы) - Шаляпин көшесі (оңтүстік жағы) - Әуезов көшесі (шығыс жағы) қаланың шекарасына дейін - Жандосов көшесі - "Қарғалы" өзенінің шығыс жағы.
30	Таугүл-3 ықшамауданы Жандосов көшесінің шаршысында - Әбілев көшесі - Орталық көшесі - қаланың шекарасына дейін - Школьник-1,2 ықшамауданы - Дубок 1,2 ықшамауданы - Астана ықшамауданы, Жандосов көшесі шаршысында - Яссауи көшесі - Шаляпин көшесі - Сайын көшесі.

Бостандық ауданы	
31	Фурманов көшесі - Өл-Фараби даңғылы - Есентай өзені - Абай даңғылы.
32	Абай даңғылы - "Есентай" өзені - Гагарин даңғылына дейін қала шекарасын бойлай, Гагарин даңғылымен Тимирязев көшесіне дейін, Тимирязев көшесінен Радостовец көшесімен - Жандосов көшесі - Манас көшесі, Қазақфильм ықшамауданын қоса алғанда, Бағанашыл ықшамауданы.
33	Абай даңғылы - Манас көшесі - Жандосов көшесі - "Үлкен Алматы" өзені.
34	Жандосов көшесі - Радостовец көшесі - Гагарин даңғылы- қала шекарасын бойлай - Дендропарк - Сайын көшесі - Науаи көшесі - "Үлкен Алматы" өзені.
35	Науаи көшесі - Сайын көшесі - Мұстафин көшесі - қала шекарасын бойлай - Сайын көшесі - Рысқұлбеков көшесі.
Жетісу ауданы	
36	Рысқұлов даңғылы - Коперник көшесі -Райымбек даңғылы - Сүйінбай даңғылы.
37	Рысқұлов даңғылы - Сүйінбай даңғылы - Райымбек даңғылы -Сейфуллин даңғылы.
39	Рысқұлов даңғылы -Бөкейханов көшесі - Райымбек даңғылы - Күдерин көшесінен Солтүстік сақинаға дейін.
40	Рысқұлов даңғылы - Солтүстік сақина - Үлкен Алматы каналы - Жансүгіров көшесі.
41	Үлкен Алматы каналы - Солтүстік сақина - "Есентай" өзені - Палладин көшесі - Жұмабаев көшесі -Жансүгіров көшесі.
43	Жұмабаев көшесі - Палладин көшесі- "Султанка" өзені - Боралдай көшесі - Жансүгіров көшесі.
Медеу ауданы	
55	Райымбек даңғылы - Коперник көш. - Мақатаев көшесі - Пушкин көшесі.
56	Тайманов көшесі - Қажымұқан көшесі - Фурманов көшесі - Райымбек даңғылы - Пушкин көшесі - Мақатаев көшесі - МЖДС шекарасын бойлай - Қармысов көшесі - Луганский көшесі - Сәтпаев көшесі - Достық даңғылы- Байжанов көшесі.
57	Қармысов көшесі - МЖДС оңтүстік шекарасы - Жарбұлақ өзені (Казачка) оңтүстік бағытта -Қошқынов көшесі.
59	Достық даңғылы - Сәтпаев көшесі - Луганский көшесі - Қошқынов көшесі - "Жарбұлақ" өзені оңтүстік бағытта - Горный бұрылысы - Медеу ауданының шығыс шекарасы - "Бутаковка" ықшамауданы - Таулы қырат.
61	"Медеу" саябағы, "Шымбұлақ" СК-і.
Түркісіб ауданы	
63	Палладин көшесінен солтүстік бағытта Жансүгіров көшесімен - Боралдай көшесі, теміржолға дейін, теміржолдан шығыс бағытта "Султанка" өзеніне дейін, "Султанка" өзенінен оңтүстік бағытта Физкультура көшесіне дейін, Физкультура көшесі бойымен шығыс бағытта Сейфуллин даңғылына дейін, Сейфуллин даңғылынан оңтүстік бағытта Палладин көшесіне дейін.
63/1	Рысқұлов даңғылының солтүстігіне қарай, Жансүгіров көшесінің шығысына қарай Палладин көшесіне дейін, Палладин көшесімен шығыс бағытта Сейфуллин даңғылына дейін, Сейфуллин даңғылынан оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін.
64	Рысқұлов даңғылының солтүстігінен Сейфуллин даңғылының шығысына қарай Майборода көшесінің шығыс бағытында, Ақан Сері көшесінің батысынан Баум тоғайының шекарасына дейін, Рысқұлов даңғылына дейінгі Табак-Зауыты, Кочин, Лузин, Достоевский көшелерін қоса алғанда.
64/1	Ақан Сері көшесінің батысынан Майборода көшесіне дейін солтүстік бағытта, Майборода көшесімен шығыс бағытта Стасов көшесіне дейін, Стасов көшесінің тақ жағымен солтүстік бағытта Шолохов көшесіне дейін, Шолохов көшесінен шығыс бағытта Заветная көшесіне дейін, Заветная көшесімен солтүстік бағытта теміржолға дейін, Шолохов көшесінен оңтүстік бағытта Стасов көшесінен Баум тоғайына дейін.
67	Аймауытов көшесінен - Щербаков көшесі - Ержанов көшесі - Осипенко көшесі - теміржол жолы бойымен -Шолохов көшесі - Станкевич көшесі.
68	Қапшағай көпірінің шығыс бағытында Бекмаханов көшесімен Бейсебаев көшесіне дейін, Бейсебаев көшесінен солтүстік бағытта Радус-Зенькович көшесіне дейін, Радус-Зенькович көшесімен шығыс бағытта Волгоград көшесіне дейін, Волгоград көшесінен шығыс бағытта Бекмаханов көшесіне дейін, Бекмаханов көшесінен "Мойка" өзеніне дейін, оңтүстік бағытта "Мойка" өзені бойымен Полесская көшесіне шығып, Полесская көшесімен оңтүстік бағыттағы теміржол сызығына дейін, теміржол сызығынан батыс бағытта Қапшағай көпіріне дейін.
68/1	Бейсебаев көшесінің батысынан, Бекмаханов көшесінің солтүстігінен "Султанка" өзенінің шығысына дейін, "Султанка" өзені бойымен солтүстік бағытта Солтүстік зират шекарасына дейін, Солтүстік зират шекарасы бойымен Андронников көшесіне дейін, Андронников

	көшесімен шығыс бағытта Бейсебаев көшесіне дейін, Бейсебаев көшесімен оңтүстік бағытта Бекмаханов көшесіне дейін.
69	"Мойка"өзені - қала шекарасы бойымен - теміржол бойымен оңтүстік бағытта, 13-әскери қалашық, 16-әскери қалашық.
70	Майлин көшесі - Лавренев көшесі - теміржол бойымен - Лавренев көшесі - Гризодубовой көшесі - Собинов көшесі - Поддубный көшесі - Майлин көшесі.
71	Домбровский көшесі - Лавренев көшесі - теміржол бойымен - "Кіші Алматы" өзені - Соболев көшесі.
72	Қала шекарасы бойымен - халықаралық әуежай ауданы - өзен бойымен солтүстік бағытта.

«Тәртіп» акционерлік қоғамының «Вечерний Алматы» газетінде (№147 28.11.2013ж., №154 19.12.2013ж.) жарияланған қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару үшін Көпшілікке арналған келісім-шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Келісім-шарттың кіріспе сөзбасы мына редакцияда баяндалсын:

«Тәртіп» акционерлік қоғамы (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 26.01.2006 жылғы № 2990-1910-02-АО куәлігі) бұдан ары «Қызмет көрсетуші» деп аталып, №01 2013 жылдың 10 қазанында өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Жарғы мен Келісім-шарттың, № 73 2014 жылдың 30 қыркүйегінде өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Келісім-шарттың, №78 2014 жылдың 23 қазанында өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Келісім-шарттың негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Абдраим Б.Р. бір жағынан, және Меншік иесі/Тұрғын үйді жалдаушы (тұрақты түрде тұруға және пайдаланылуға арналған жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме) екінші жағынан, бұдан ары «Тұтынушы» деп аталып, ары қарай жеке түрдегі «Қызмет көрсетуші» және «Тұтынушы» бірігіп, «Тараптар» деп аталады, ал «Тараптар» бірлесе отырып, осы келісім-шартты (ары қарай – «Келісім-шарт») төмендегідей етіп жасасты.

2. Көпшілікке арналған келісім-шарттың №1 Қосымшасы мына жолдармен толықтырылсын:

№ учаске	Қызмет көрсету аймағының шекарасы
Наурызбай ауданы	
44	Боралдай көшесі – т/ж жолы бойымен – қала шекарасы бойымен –Көкжиек ықшамауданы және Есентай өзені арнасының батыс жағын бойлай
3. Осы өзгертулер мен толықтырулар жарияланған күннен бастап күшіне енеді.	

«Тәртіп» акционерлік қоғамының «Вечерний Алматы» газетінде (№147 28.11.2013ж., №154 19.12.2013ж.) жарияланған қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару үшін Көпшілікке арналған келісім-шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1. Келісім-шарттың кіріспе сөзбасы мына редакцияда баяндалсын:

«Тәртіп» акционерлік қоғамы (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 26.01.2006 жылғы № 2990-1910-02-АО куәлігі) бұдан ары «Қызмет көрсетуші» деп аталып, №01 2013 жылдың 10 қазанында өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Жарғы мен Келісім-шарттың, № 73 2014 жылдың 30 қыркүйегінде өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Келісім-шарттың, №78 2014 жылдың 23 қазанында өзара қабылдаған міндеттемелер туралы Келісім-шарттың негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Абдраим Б.Р. бір жағынан, және Меншік иесі/Тұрғын үйді жалдаушы (тұрақты түрде тұруға және пайдаланылуға арналған жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме) екінші жағынан, бұдан ары «Тұтынушы» деп аталып, ары қарай жеке түрдегі «Қызмет көрсетуші» және «Тұтынушы» бірігіп, «Тараптар» деп аталады, ал «Тараптар» бірлесе отырып, осы келісім-шартты (ары қарай – «Келісім-шарт») төмендегідей етіп жасасты.

2. Көпшілікке арналған келісім-шарттың №1 Қосымшасы мына жолдармен толықтырылсын:

№ учаске	Қызмет көрсету аймағының шекарасы
Жетісу ауданы	
44	Боралдай көшесі – т/ж жолы бойымен – қала шекарасы бойымен –Көкжиек ықшамауданы және Есентай өзені арнасының батыс жағын бойлай